

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының **БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФОРМИРОВАНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 25 -ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

PROCEEDINGS

Of the International Scientific and Practical Conference

**«FORMATION AND STRENGTHENING OF THE PROFESSIONAL LEGAL
CULTURE OF PUBLIC SERVANTS IN THE REPUBLIC KAZAKHSTAN IN
LIGHT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS»
DEDICATED TO THE 25TH ANNIVERSARY OF
THE CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«ФОРМИРОВАНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 25 -ЛЕТИЮ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**PROCEEDINGS
Of the International Scientific and Practical Conference
«FORMATION AND STRENGTHENING OF THE PROFESSIONAL LEGAL
CULTURE OF PUBLIC SERVANTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN LIGHT
OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS»DEDICATED TO THE 25TH
ANNIVERSARY OF THE CONSTITUTION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

1 сентября 2020, Нур-Султан

УДК 347
ББК 67.404
Қ 18

Редакционная коллегия:

Главный редактор: *Абдрасулов Е.Б.*

Члены редакционной коллегии: *Нурмуханов Б.М., Нургазинов Б.К., Женисов С.К., Жумагулов Д.М.*

Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасында қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру және нығайту»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. – 373 б.

Сборник материалов международной научно-практической конференции **«Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания»**, посвященной 25 -летию Конституции Республики Казахстан – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 373 с.

Proceedings of the international scientific and practical conference **«Formation and strengthening of the professional legal culture of public servants in the Republic of Kazakhstan in light of modernization of public consciousness»** dedicated to the 25th anniversary of the Constitution of the Republic of Kazakhstan - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020. – 373 p.

ISBN 978-601-337-398-0

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағында Қазақстан Республикасындағы қоғамдық сананы жаңғыртудың жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін көтеру жолдарына қатысты өзекті мәселелер, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің халқына қызмет көрсетудің шетелдік тәжірибесі бойынша өзекті мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы, касающиеся путей совершенствования правовой культуры государственных служащих с учетом общих тенденций и закономерностей модернизации общественного сознания в Республике Казахстан, включая зарубежный опыт служения народу государственного аппарата.

Proceedings of the international scientific and practical conference discusses topical issues related to ways to improve the legal culture of civil servants, taking into account General trends and patterns of modernization of public consciousness in the Republic of Kazakhstan, including foreign experience in serving the people of civil servants.

УДК 347
ББК 67.404

ISBN 978-601-337-398-0

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрасулов Е.Б.		Предисловие к материалам научно-практической конференции	9
		ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ	
1	Сыдыков Е.Б.	ОТКРЫТИЕ КОНФЕРЕНЦИИ	11
2	Мами К.А.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	13
3	Рогов И.И.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	15
4	Сарпеков Р.К.	ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО УЧАСТНИКАМ КОНФЕРЕНЦИИ	17
5	Сабикенов С.Н.	КОНСТИТУЦИЯ РК КАК ПОЛИТИКО-ПРАВОВАЯ ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ И УКРЕПЛЕНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	19
6	Шапак У.	КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ	20
7	Рысбекова Ж.К., Таскужин Т.Ж.	НАУЧНАЯ АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ	25
8	Fryderyk Zoll	THE ROLE OF THE GERMAN LAW STATE CLERKS LAW IN THE FUNCTIONING OF THE MODERN STATE – A MODEL FOR THE REFORMING STATES?	29
9	Кунтуов Н.Ж.	РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАҢА ЖАҢАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР	34
10	Глушаченко С.Б., Агеева Е.А.	НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	37
11	Нургазинов Б.К.	КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РК	44
12	Ranych Nazar	„СЛУЖИТЬ ВСЕМУ НАРОДУ...“- ЧИНОВНИЦЫ, ЧИНОВНИКИ И СИСТЕМА ЮСТИЦИИ В НЕМЕЦКОМ ПРАВЕ	50
13	Nicolas Hayoz	CORE ASPECTS OF THE SWISS PUBLIC ADMINISTRATION: RULE OF LAW, EFFICIENCY, TRUST	60
14	Рябцева Е.В.	ФОРМИРОВАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОГО ПРАВОСОЗНАНИЯ СУДЕЙ И РАБОТНИКОВ АППАРАТА СУДА: ОПЫТ РФ.	67

СЕКЦИОННЫЕ ДОКЛАДЫ

СЕКЦИЯ 1

КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ УКРЕПЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В СВЕТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

15	Абдрасулов Е.Б.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕСТВА	71
16	Абдрасулова А.Е.	ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС В СИСТЕМЕ ЮРИДИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА И МЕХАНИЗМЕ ПРАВОРЕАЛИЗАЦИИ	75
17	Абдрасулова Г.Э., Онланбекова Г.М.	ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ОБЩЕЙ КУЛЬТУРЫ И ЦИВИЛИЗАЦИИ	78
18	Агеева Е. А., Максина С.В.	ПРАВОСОЗНАНИЕ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	82
19	Адилмуратова Р.А.	ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ПЕРЕВОДЧИКА КАК УЧАСТНИКА СУДЕБНОГО ПРОЦЕССА	86
20	Аханова С.М.	ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНДАҒЫ ТҮЛҒА МӘРТЕБЕСІ	91
21	Ахметов Е.Б.	ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	95
22	Ашигалиев Р.П.	"ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННО-АДМИНИСТРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН"	99
23	Бажай Хуандаг	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРДІХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІРҮ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ	106
24	Губайдуллин М.Г.	ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СОТ ӘДІЛЕТТІЛІГІНІҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТКІШІ	112
25	Губайдуллин М.Г.	ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ, ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАЛАРҒА ӘСЕРІ	116
26	Жармаханбетова Б.А.	АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАТИВТІК МАЗМҰНЫ	120
27	Жадауова Ж.А.	О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ	127
28	Женисов С.К.	СУДЬЯЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ СОТ ТӨРЕЛІГІ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ	131
29	Жумагулов Д.М.	СУЩНОСТЬ, ФУНКЦИИ И НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ РЕГУЛЯТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ	

		ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	135
30	Жумагулов М. И.	ПОВЫШЕНИЕ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ И ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В УСЛОВИЯХ ВВЕДЕНИЯ ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ	142
31	Ибрагимов Ж.И.	КОНСТИТУЦИЯ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ	146
32	Кайжакпарова А.Б.	К ВОПРОСУ О ФОРМИРОВАНИИ, РАЗВИТИИ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ИНСТИТУТА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	150
33	Кусаинов А.А.	НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ МИГРАЦИИ МОЛОДЕЖИ	157
34	Кысыкова Г.Б.	К ВОПРОСУ О ПРАВОВЫХ ПРОБЕЛАХ РЕГЛАМЕНТИРОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ СФЕРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ	159
35	Қамал А.Қ., Сактаганова И.С.	ГОСУДАРСТВЕННО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ	164
36	Мырзатаев Н.Д.	БІЛІМ САЛАСЫН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	168
37	Нурмагамбетова С.Б.	ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	172
38	Сактаганова И.С.	ВЛИЯНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ «ЦИФРОВОГО КАЗАХСТАНА» ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКИМОВ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ	175
39	Темиржанова Л.А.	АКТ АМНИСТИИ: ЗАДАЧИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	181
40	Толуханова Г.А.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА В СИСТЕМЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕСТВА	184
41	Төлеубеков А. Т., Шаукентаев Ж.К.	СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ РАЗВИТИЕМ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО	189

СЕКЦИЯ 2

ЧАСТНОПРАВОВЫЕ НАЧАЛА КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

42	Т.М.Abaydeldinov, А.В. Zhumabayeva	QUESTIONS OF AN EMPLOYMENT CONTRACT IN KAZAKHSTAN AND THE EEU'S STATES.	194
43	Ахметжан Л.З.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ОСНОВЫ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕМОКРАТИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	200
44	Бердиярова Ж.С.	ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ	205
45	Галиакбарова Г.Г.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	209
46	Джунисбекова Л.М.	ГАРМОНИЗАЦИЯ И УНИФИКАЦИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ЕВРАЗИЙСКОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ СОЮЗЕ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ	211
47	Жаркенова С.Б.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ ТРУДОВЫХ ПРАВ ГРАЖДАН	216
48	Жумагулов Д.М.	ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОГРАНИЧЕННЫХ ВЕЩНЫХ ПРАВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	221
49	Ихсанов Е.У.	КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ОСНОВА ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ СОБСТВЕННОСТИ	226
50	Крецу В.А.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ ЗАКОННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА В РЕСПУБЛИКЕ МОЛДОВА	229
51	Курбанова Д.К.	НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СДЕЛОК С НЕДВИЖИМОСТЬЮ	234
52	Молдабеков Е.Б.	ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ	239
53	Мукашева А.А.	ПРОБЛЕМЫ ВЕЩНЫХ ПРАВ НА ЗЕМЛЮ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ КРИЗИСА ЗЕМЕЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	243
54	Нургалиева Е.Н.	КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО РАБОТНИКОВ НА ЗАКОННУЮ ЗАБАСТОВКУ	248
55	Оспанова Б.А.	ЗАЩИТА ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ ПРАВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.	253

СЕКЦИЯ 3

КОНСТИТУЦИЯ РК И АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ОБЩЕУГОЛОВНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

56	Адилова Д.	ВИКТИМОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ НАСИЛЬСТВЕННОГО ХАРАКТЕРА	257
----	------------	---	-----

57	Баймолдина С.М.	УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МЕДИЦИНСКИХ РАБОТНИКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	261
58	Балмагамбетов А.С.	ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН- ОСНОВА НЕЗЫБЛЕМОСТИ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОЯ	266
59	Жакупов Б.А., Майлыбаева Н.Б., Исетова Ж.М., Сагандыкова А.А.	СУДЕБНОЕ ПРОИЗВОДСТВО И ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СООТНОШЕНИЯ ВИДОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	269
60	Исмагулова Д.М.	МОЛЕКУЛЯРНО-ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ ИЗНАСИЛОВАНИЙ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ	273
61	Капалбекова А.Е.	ПСИХОЛОГИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В МЕХАНИЗМЕ ПРЕСТУПНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	278
62	Каржаубаев С.С.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ПРИНЦИПЫ УГОЛОВНО- ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ОТ НАСИЛИЯ В СЕМЕЙНО-БЫТОВОЙ СФЕРЕ	283
63	Ким К.В.	КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО НА ПОЛУЧЕНИЕ КВАЛИФИЦИРОВАННОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ	287
64	Мергембаева Н.Б.	УГОЛОВНО ПРОЦЕССУАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА В СИСТЕМЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ТЕРРОРИЗМУ И РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ	291
65	Муратханова М.Б.	МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ САЛАЛАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ	296
66	Рақымбаева М.Қ., Муратханова М.Б.	АДАМДЫ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУГЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗУДІҢ АДАМ ӨЛТІРУДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ	300
67	Рахметов С.М.	О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ УГОЛОВНОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, РЕГУЛИРУЕМЫХ НОРМАМИ КОНСТИТУЦИИ	302
68	Сартаева Н.А. Нурлумбаева Л.Е.	ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО О ПРОФИЛАКТИКЕ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СЕМЕЙНО-БЫТОВОЙ СФЕРЕ: ОПЫТ СТРАН СОДРУЖЕСТВА НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ	306
69	Скаков А.Б.	О ТЕНДЕНЦИЯХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ИСПОЛНЕНИЯ НАКАЗАНИЙ ПО ПРОГРЕССИВНОЙ СИСТЕМЕ	314
70	Сматлаев Б.М.	РОЛЬ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ В СТАНОВЛЕНИИ И УКРЕПЛЕНИИ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	322
71	Тұрсынбек А.А.	ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАК ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛАГАЮЩИХ ПРИНЦИПОВ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЭПОХУ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ	325

СЕКЦИЯ 4
КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

72	Абаева Х.А.	ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОСМИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ	329
73	Маммадов Р.Э.	КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ ПРАВ МИГРАНТОВ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА	333
74	Ойнарова А.А.	ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В СТРАНАХ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА	341
75	Панов С.К.	МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЗАЩИТЫ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА НА ПРИМЕРЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И СПЕЦИАЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР ООН	344
76	Сарсембаев М.А.	25-ЛЕТИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ КОНСТИТУЦИИ 1995 ГОДА, ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО	348
77	Сарсенова С.Н.	ЖАПОНИА МЫСАЛЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ	356
78	Тлепина Ш.В.	ТЕНДЕНЦИИ И ЧЕРТЫ РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА В XX ВЕКЕ	359
79	Тлепина Ш.В.	ИСТОРИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ УТВЕРЖДЕНИЯ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ	363
		РЕКОМЕНДАЦИИ УЧАСТНИКОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО- ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ	371

10. Сапанов, С. Ж. Особенности развития кочевых обществ в Центральной Азии и Восточной Африки / С. Ж. Салонов // URL:<http://edq.kz/2016/04/12/Ps>
11. Степная культура // URL:<http://dostykmag.kz/?p=1414>
12. Энгельс, Ф. К критике политической экономии / К. Маркс, Ф. Энгельс. - Соч. - Т. 13.
13. Энгельс, Ф. Письмо К. Шмидту, 5 августа 1890 г. / К. Маркс, Ф. Энгельс. - Соч. - Т. 37.
14. Юрицын, В. Не думаю, что базовые казахские ценности отличаются от общечеловеческих» / В. Юрицын // URL:<https://rezonans.kz/obshchestvo/7412-kazakhskie-natsionalnye-tsennosti-chto-sokhranit-a-s-chem-bezzhalostno-rasstatsya>
15. Jornal von der ao.1736 aus Orenburg zu dem Abul-Geier Chan der Kirgis-Kaysack Tatarischen Horda aus freiem willen und bloss zu dem bestem des ruischen Reiches untergenommen hochst nothigen und zwar gefärlichen, doch glücklich vollbrachten Reise, dargestellt durch John Castle einen Englander und gewesen Kunstmaler bei der Orenburggischen Expedition // Materialien zu der Russischen Geschichte zeit Tode Kaisers Peter des Grossen. Zweiter Teil.1730-1741. Riga, 1784. - S.120-138.
16. Э.Т.Телеуова. Дәстүрлі казак қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері, © e-history.kz, QAZAQSTAN TARINY 20 Тамыз, 2013 ж.
17. Сейлханов А.А. Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі // Молодой ученый. – 2014№ - № 4.(1). – С. 24-25.

АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАТИВТІК МАЗМҰНЫ

Жармаханбетова Балжан Ауезханқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық құқық кафедрасының магистранты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
balzhan_10@mail.ru

Ғылыми жетекші – Абдрасулов Ермек Баяхметұлы
з.ғ.д., профессор

Табиғи құқықтың тұжырымдамасына сәйкес адамның табиғи құқықтары әркез алдыңғы орынға қойылады. Сонымен бірге адамның табиғи құқықтары туралы мәселе қозғалмады. Зерттеуші А.Сманның пікірінше, «терең себебі міндеттердің туындау көздерін ешкімнің іздемеуінде, кейіннен міндеттердің азаматтың міндеттері ретінде ескерілуінде. Сондықтан мемлекетке қатысты немесе қоғамға қатысты міндеттер туралы сөз қозғалды деп айтуға болады. Егер азаматтық құқықтар бар дегенге сүйенетін болсақ, онда азаматтық міндеттердің де бар екенін білдіреді. Егер бұл солай болса, онда міндеттерге қалай қараймыз, олардың азаматтық құқықтармен байланыстары қандай болмақ? Азаматтық көзқарас екі жақты болады, бірі құқықтар мен міндеттерден құралса: азаматтардың тең құқықтығы қағидаты жарияланған қазіргі заманғы мемлекеттерде, бұл көзқарас құқықтар мен міндеттердің ұштасуымен сипатталады. Алайда құқықтар мен міндеттер бір-біріне қайшы келетін немесе бірін-бірі толықтыратын, біріне бірі сәйкес келетін немесе біріне бірі тәуелді құқықтық институттар емес: құқықтар азаматтарға міндеттерді орындау үшін берілмейді, міндеттер оларға адамның бір мезгілде құқықтарды пайдаланатындықтан жүктеледі»[1].

Танымал қазақстандық ғалым А.К. Котов «адамның өмір сүруге бастапқы құқығымен ажырамайтын оның мемлекет болып ұйымдастырылған қоғамның алдындағы алғашқы табиғи міндеті белгіленген құқық тәртібіне бағыну, адамзат ортасының қағидаларын сақтау, Қазақстан халқы қабылдаған Конституцияны құрметтеу, салықтарды дұрыс төлеу және қажет болған жағдайда Отанды қорғау, тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық, табиғат байлықтарына ұқыппен қарау болып танылуы тиіс, - қоғамдағы өзіне ұқсастардың өмір сүруге табиғи құқығынан туындайтын азаматтың конституциялық міндеттерінің бәрі осы» [2] деп белгілеп өтеді.

Біздіңше, міндеттер институтын қазақстандық құқық ғылымы жеткіліксіз дәрежеде зерттеген. Біздің заңнамамыз заң міндетінің анықтамасын бермейді. Сайып келгенде, оны

ғылым әзірлеуі тиіс. Дегенмен субъективтік құқық теориясынан заң міндеттерінің теориясының айырмасы жоқ. Міндеттер идеясының өзі құқықтар мен бостандықтар идеясына қарағанда қоғамдық санада нашар таралған. Көптеген азаматтардың құқықтық сана-сезімі осыдан көбіне тек құқыққа ғана бағдарланған бір жақты болып келеді. Заң міндеттерін әзірлеу қажеттігі ең алдымен олардың қоғам өміріндегі, құқық жүйесіндегі орнымен және мақсатымен талап етілген.

Заң міндеттемесі санатының аз зерттелген аспектісінің қатарына осы құбылыстың маңызы, мазмұны мен құрылымы туралы мәселе жатады. Оны анықтау тұтастай алғанда бүкіл проблеманы аса терең әзірлеуге ықпал еткен болар еді. Мемлекет адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, одан құқықтық нормаларда бекітілген заңдарға сәйкес келетін мінез-құлықты талап етуге құқылы. Сондықтан мемлекет оларды міндеттер жүйесінде қарастырады және оларды орындамағаны үшін заң жауапкершілігі шараларын белгілейді.

Біздіңше, міндет – бұл адамның шынайы қажетті, тиісті мінез-құлық. Мемлекет міндеттер жүйесінде мінез-құлықтың қажетті нұсқасын қарастырады. Конституцияда белгіленген негізгі міндеттер бір мезгілде адамға да, азаматқа да қатысты болуы және тек азаматты міндеттеуі мүмкін. Қазіргі қоғамда адамның міндеттері тікелей әлеуметтік сипатқа ие және адам құқықтары секілді оларды мемлекеттік-құқықтық танудан тәуелсіз. Олар өздерін мемлекеттің тануына және конституцияда бекітуіне қарай бар болады және адамның қоғамдық болмысы фактісімен байланысты. Мемлекеттік-ұйымдастырылған қоғамда олар азаматтың міндеттері ретінде танылады. Конституциялық тәжірибедешектеудің критерийі бәрі бір жеке тұлға мен мемлекеттің арасындағы байланыс – азаматтық факторы сипаты қызмет етеді. Осымен бірге, баршаға және Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын-табылмайтынына қарай әркімге жүктелетін адамның міндеттері болады. Олардың негізінде–өз егемендігінің таралу аясындағы барлық жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттің аумақтық үстемдігі. Азаматтық міндеттерге қатысты айтар болсақ, олар тек мемлекеттің жеке үстемдігінде тұратын жеке тұлғаларға ғана жүктеледі және онымен азаматтық қатынастармен байланысты.

БҰҰ-ның 1948 жылғы Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы міндеттерді «тек басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану мен құрметтеу және демократиялық қоғамдағы моральдың, қоғамдық тәртіптің және ортақ игіліктің әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулер» деп анықтайды. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі түрлі міндеттердің болуымен сипатталады. Біреулері адамда азаматтық алумен, екіншісі адамның белгілі бір жұмысшы, қызметші, оқушымәртебесін иеленуіне байланысты, үшіншісі түрлі бірлестіктерге мүшелікпен туындайды. Олардың барлығы құқықтың түрлі салаларында құқықтық бекітуге ие болады.

Бірақ бұл жүйеде жетекші рөл Конституцияда бекітілген міндеттерге тиесілі, өйткені Конституция олардың ерекше рөлін баса көрсетіп, негізгі міндеттерді анықтайды. Конституциялық міндеттердің негізгі ерекшеліктері мынада. Олар әр адамға және тұтастай алғанда қоғамға олардың қалыпты тіршілік етуіне және дамуына қажетті маңызды әлеуметтік құндылықтарды қорғауға, сақтауға және дамытуға бағытталған; жеке және қоғамдық мүдделерді іске асыруға қызмет етеді және маңызды қоғамдық және мемлекеттік мәні бар.

Конституциялық міндеттер жалпыға бірдей сипат алады, біркелкі дәрежеде кәсібіне, отбасылық және лауазымдық жағдайына, жынысына, нәсіліне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына тиесілі.

Адам мен азаматтың негізгі міндеттері мемлекеттің Конституциясында құқықтық тұрғыда бекітілген және сонымен жоғары заң күшіне ие болады. Оларға іске асырылуы мемлекеттің өзінің қалыпты жұмыс істеуін және қоғамның тіршілік етуін қамтамасыз ететін міндеттер жатады. Олар орындалуында жеке тұлғаның қоғам алдындағы, азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі және азаматтың мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге тиісті көзқарасы, оны осы мүдделерді қорғауға белсенді түрде қатыстыру байқалатын талаптарды қорытады. Жеке тұлғаның бостандығын іске асыру оның өз қылықтарына жауапты

катынасынсыз, қоғам алдындағы жауапкершілігінсіз мүмкін болмайды. Мұндай қатынасты білдірудің құқықтық белгісі жеке тұлғаның тиісті мінез-құлқының өлшері ретіндегі міндеттер болып табылады.

Конституциялық міндеттер жалпы құқықтық кепілдікті және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың қажетті шартын білдіреді. Барлық дерлік кез келген құқықтармен бостандықтар тек әлдекімнің міндеттері арқылы іске асырылуы мүмкін және керісінше, міндеттер нақты құқық субъектілерінің оларды орындауды талап ету құқығын болжамдайды [3].

Азаматтардың конституциялық міндеттері деп Конституцияда бекітілген, міндетті түрде орындалуы тиіс жеке тұлғалардың міндеттері ұғынылады [4].

Жеке тұлғаның қоғамдағы заң міндеті жеке тұлғаның мінез-құлқындағы материалдық шартталған және кепілдендірілген қажеттілік, оның шектері олардың бірлігі мен ұштасуы негізінде қоғамдық және жеке қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру үшін белгілі бір иігіліктер мен құндылықтарды пайдалану мақсатында объективтік құқық нормаларымен (конституцияпен, заңдармен, басқа да құқықтық нормативтік актілермен) белгіленген [5].

Тек Конституция тікелей қалыптастырған міндеттер ғана Конституциялық болып табылатыны жалпыға бірдей мәлім. Олар азаматтардың заң міндеттерінің бүкіл жүйесінің өзеге бола отырып, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін айрықша маңызы болады, өйткені адам мен қоғамның арасындағы, жеке тұлға мен мемлекеттің арасындағы аса елеулі әрі маңызды қатынастарға жанама қызмет етеді. Азаматтардың конституциялық міндеттері жоғары заң күшіне ие және олардың дәл осы қасиеті басқа заң белгілерімен және сипаттарымен қатар оларды ағымдағы заңнаманың нормаларынан туындайтын жүйеден бөліп алуға және өзінің сипатына қарай бір, бірыңғай топқа бөлектеуге мүмкіндік береді.

Заң әдебиеттерінде авторлардың конституциялық міндеттердің заң табиғатын зерттеуге байланысты кейбір мәселелерге түрлі көзқарастары бар. Конституциялық міндеттердің заң табиғаты азаматтардың міндеттерінің басқа түрлерімен салыстырғанда олардың заң базасын, барлық салалық міндеттердің іргетасын, бастапқы жағдайларын құрауынан байқалады. Бірақ заң базасы болуы үшін, бастапқы жағдайларды, конституциялық міндеттердің мазмұнын анықтау үшін жалпы түрінің өзінде қалыптастыру қажет. Негізгі міндеттердің мазмұнын анықтайтын конституциялық нормаларға жалпылықтың жоғары дәрежесі тән. Алайда бұл конституциялық міндеттер өзінің құрамына қарай белгісіз дегенді білдірмейді: олар өзінің мазмұнында толықтай нақты, өз шекаралары болады.

Конституциялық міндеттер өзге заң міндеттері үшін заң базасы болып табылады деген фактіден екіншілері біріншінің бөлігін құрайды деген тұжырым жасамаған жөн. Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттерінің осы екі тобының дербес сипаты болады. Олардың арасындағы арақатынас - бұл бөлшектің бүтінге қатынасы емес. Ол конституциялық міндеттер бастапқыны, қазақстандық азаматтардың заң міндеттерінің бүкіл жүйесінің дамуын көрсететіндігінде.

Алайда Конституцияда белгіленген міндеттерді іске асыру үшін ағымдағы заңнаманың көмегімен нақтылауға және дамытуға мұқтаж. Қазақстан Республикасының азаматтарының конституциялық міндеттерін олардың салалық міндеттері жүйесімен нақтылау сол немесе басқа міндеттердің мазмұны мен іске асырудың мәнін азайтпайды.

Конституциялық міндеттер заң міндеттерінің барлық басқа түрлері үшін анықтаушы, жетекші бола отырып, өздері міндеттердің осы басқа түрлерінің көмегімен тиісті түрде іске асырылуы мүмкін. Сондықтан ағымдағы заңнамада бекітілген міндеттер Қазақстан Республикасының Конституциясында жүктелген конституциялық міндеттерді тиісті түрде орындаудың нақтылы мүмкіндігінің сол немесе өзге дәрежесін қамтамасыз ететін өзіндік заңды құра ретінді танылады. Азаматтардың негізгі міндеттері туралы конституциялық нормаларды ағымдағы заңнамамен нақтылаудың мәні осында. Мұндай нақтылаудың жоқтығы конституциялық міндеттер елеулі дәрежеде іске асырылмаған болып қалуына әкеп соқтырады.

Конституциялық міндеттер Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттерінің бүкіл жүйесінің өзегі ретінде жоғары заң күшіне ие. Конституциялық міндеттердің бұл қасиеті жоғарыда сипатталған басқа заң белгілерімен және сипаттарымен қатар оларды салалық міндеттердің жүйесінен бөліп көрсетеді, өзінің қасиетіне қарай бір, бірыңғай топқа бөлектейді.

Конституциялық міндеттерді азаматтардың басқа міндеттерімен арақатынасын белгілеу қажеттігі, яғни міндеттердің жалпы жүйесіндегі олардың алатын орнын анықтау жеткілікті маңызды. Конституциялық міндеттердің жоғары заң күші барлық басқа заң міндеттерінің оларға сәйкес болуы тиіс екендігін білдіреді. Көрсетілген ережені ағымдағы заңнамада өзінің мазмұны бойынша конституциялыққа ұқсас міндеттер ғана бекітілуі мүмкін деп дәлме-дәл түсіндірмеген жөн. Мұндай түсінік қате, өйткені барынша тырысқанмен конституциялық міндеттерден қазақстандық заңнаманың нормаларымен азаматтарға жүктелетін көп қырлы заң міндеттерінің барлығын шығару мүмкін емес.

Конституциялық міндеттер салалық міндеттер арқылы нақтыланған жағдайларда азаматтарға ағымдағы заңнамамен жүктелген барлық басқа міндеттер конституциялық міндеттерге қайшы келмеуі қажет. Сонымен бірге ағымдағы заңнама конституциялық міндеттерді нақтыланғанда, дамытқанда және толықтырғанда, егер бұл Конституцияның өзінде көзделмесе, оларды толық көлемде шектей алмайды. Бұл ретте, мәлім болғандай, елде конституциялық конституциялық режим байқалады.

ҚР Конституциясында азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру оларды орындау жеке және мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін қажет болатын міндеттерден ажырымайды деп заңды түрде бекітілген. Бұл міндеттер сандық құрамы бойынша құқықтар тізбесінен әлдеқайда аз міндеттер тобы болғанымен, оларда субъект ретінде азамат танылатын қатынастардың саналуан түрлі салаларын қозғайды. Бұл азаматтардың құқықтары қоғам өмірінің барлық салаларын – саясатты да, экономикада, рухани өмірді қамтитындығымен түсіндіріледі, ал міндеттер тек қоғамдық тәртіпті сақтауға және қолдауға бағдарланған.

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық міндеттері жалпыға бірдей және теңдік қасиетіне ие, барлық азаматтар мен олардың әрқайсысы тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілдік және ұлттық қатыстылығына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге, жұмысының түрі мен сипатына тұратын жеріне және басқа да мән-жайларға қарамастан ҚР Конституциясында белгіленген негізгі міндеттерді орындауы тиіс.

Конституциялық міндеттердің жалпыға бірдей міндеттілік қағидаты тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана емес, сондай-ақ оның аумағында тұратындардың барлығына қатысты. ҚР Конституциясында азаматтың республиканың Конституциясы мен заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасетін сыйлауға міндеттілігі көзделеді. ҚР Конституциясында сонымен бірге шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын пайдаланатыны, сондай-ақ заңдарда, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерде көзделген талаптар мен тәртіппен міндеттер алатыны туралы ереже бекітілген. ҚР Конституциясында азаматтар Отанды қорғауға құқылы және міндетті деген ереже бекітілген. Азаматтар заңда белгіленген шекте және түрде әскери қызмет атқарады. Бұл міндеттен жаңсыз жалтару қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. ҚР Конституциясында азаматтардың ҚР заңнамасына сәйкес салықтар мен алымдар төлеуге міндеттілігі бекітілген. Азаматтың мұндай міндеттілігі кеңестік конституцияларда бұрын бекітілмеген. Мұны социалистік жалпыхалықтық меншік үстемдік еткен жағдайда мемлекеттің өзіне шын мәнісінде жалғыз меншік иесін нақты түрде көрсетуімен, мемлекеттік бюджеттің басым бөлігі социалистік кәсіпорындар мен ұйымдардан түсетін түсімдер есебінен құралатындығымен түсіндіруге болады. Халықтың салықтары болмашы мөлшерді құрады.

Азаматтардың салықтар төлеуге міндеттілігі алғаш рет ҚР Конституциясына мемлекетіміздің нарық экономикасының негіздеріне өтуіне байланысты енгізілді. Және бұл толықтай қисынды әрі заңды қадам болды. Жеке меншіктің дамуы, кәсіпкерліктің еркіндігі, мемлекеттік меншік саласының айтарлықтай қысқаруы салық жүйесіне жаңа көзқарасқа байланысты. Салық салынатын субъектілердің саны сапалық тұрғыда өзгеріп,

салық жүйесі жетілдіріледі және оңайлатылады. Осыған байланысты мемлекеттік бюджетте азаматтардың және басқа тұлғалардың салық салынуы тиіс салықтарының мәні түбегейді өзгерді. Сондай-ақ салықтарды төлеу міндетін бекітуде бұрын қажеттіліктің болмауы мән-жайының маңызы бар, өйткені барлық салықтартұлғаның тарапынан қандай да бір бастаманы қажет етпейтін ұымдасқан тәртіппен еңбекақысынан ерікті мәжбүрлі түрде ұсталып қалды. Кәсіпкерлік еркіндігі, экономикалық қызметтің саналуан түрлері, түрлі, мемлекет бақыламайтын және есепке алмайтын табыс көздерінің болуы жағдайында, салықтарды төлеу азаматтың бастамасымен байланысты болады. Ол салық қызметтеріне өз табыстары туралы хабарлауға және кірістері туралы тиісті декларацияларды толтыруға міндетті. Сондықтан ҚР Конституциясында салық төлеу міндеттілігі мемлекеттік бюджетті толықтырудың маңызды баптарының бірі ретінде бекітілген. Бұл жауапкершіліктен жалтару қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады. Бұл сондай-ақ көлеңкелі экономика айналымымен және сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында да жасалады. Қазақстанда мемлекеттік және муниципалдық қызметшілерді өз табыстары туралы жариялауға міндеттейтін бірсыпыра заңдар қабылданды.

Мемлекеттің өзінің әлеуметтік рөлін және мемлекет қызметінің өзге түрлерін, оның егемендігін қорғау, қорғаныс қабілеті мүмкіндігі елеулі дәрежеде салықтар мен алымдарды төлеу міндетін ерікті орындауға байланысты. Салықтар туралы заңнама азаматтар үшін адамның табыстарын ескере отырып, салықтардың сараланған мөлшерлемелерін белгілейді. Осымен мемлекетмаңызды әлеуметтік рөл атқарады, азаматтардың түрлі санаттарының табыстарының ықтимал дәрежеде теңгерімделуіне – халықтың жоғары және төмен еңбекақы төленетін санаттарының табыстарының айырмасының азаюына септігін тигізеді.

ҚР Конституциясында әр азаматтың қоршаған ортаға, табиғат ресурстары мен тарихи ескерткіштерге ұқыппен қарауға міндеттілігі де бекітілген. Табиғат адамзат қоғамының сыртқы мекен ету ортасы ретінде оған қоса ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде айрықша қорғау шараларын қажет етеді. Бұл қызметқоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың барлық буындарымен іске асырылады. Оған қоршаған табиғи ортаның басты «тұтынушысы» – әр азамат қатысуы тиіс.

Қазақстан Республикасында табиғатты, атмосфералық ауаны және жануарлар әлемін қорғау туралы заңдар аз қабылданбаған. Олардың көптеген нормалары табиғи байлықтарды пайдалану кезіндегі азаматтардың мінез-құлқын белгілейді. Азаматтың міндеті ережелерді сақтау, басқа адамдардың тарапынан оларды бұзуға белсенді қарсы іс-қимыл болып табылады. Табиғатты және қоршаған ортаны сақтау проблемасы, кеңес кезеңінде оларды қарақшылықпен пайдалану салдарынан бүгінде қайта қалпына келтіру және құрып кетуден құтқару қажеттілігіне айналып отыр. Бұл, әлбетте, орасан материалдық шығындарды, жаңа технологиялар ендіруді, ескірген жабдықтарды айырбастауды, халықаралық ынтымақтастықты дамытуды және т.б. қажет ететін жалпы мемлекеттік шаруа. Алайда әр азаматтың табиғатты сақтауға қолдан келген үлесі орны толмас табиғи теңгерім мен келешек ұрпаққа табыстау қажет байлықтарды қолдауға және сақтауға маңызды үлес қосады.

Әскери қызметті атқару міндетіне тоқталайық. Бұл міндет «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңда аса толығымен реттелген [6].

ҚР азаматтарының әскери міндетінің мазмұны жоғарыда көрсетілген заңның 3 бабына сәйкес мыналарды қамтиды:

- 1) азаматтарды әскери қызметке дайындау;
- 2) азаматтарды әскери есепке алу және шақыру учаскелеріне тіркеу;
- 3) әскери қызметке шақыру;
- 4) әскери қызметті өткеру;
- 5) запаста болу;
- 6) запаста болу кезеңінде әскери жиындардан өту;
- 7) әскери жағдай енгізілген кезеңде жалпыға бірдей әскери оқыту.

Әскери есепте тұрған немесе әскери міндетті, әскери қызметтен босатуға немесе оған шақыру мерзімі ұзартылған 18-ден 27 жасқа дейінгі ер жынысты азамат әскери қызметке

шақырылуы тиіс («Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңның 23-бабы). Әскери қызметтен өткен азаматтан әскери қызметшілер деп аталады. Шақырудан бөлеказаматтарқызметтен келісім-шарт бойынша өте алады (ерікті түрде). Келісім-шарт бойынша әскери қызметке баратын азамат әскери қызметтің медициналық және кәсіптік-психологиялық талаптарына және нақты әскери-есеп мамандықтарына сәйкес болуы тиіс. Азаматтың белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау үшін медициналық куәландыру және кәсіптік медициналық іріктеу шаралары жүргізіледі.

Қазіргі кезде мерзімді әскери қызметшілер үшін әскери қызметтің мерзімі он екі ай болып белгіленген («Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңның 35-бабы);

1) шақыру бойынша әскери қызметтен өтетін офицерлер үшін жиырма төрт ай;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшілер үшін әскери қызметтен өту туралы келісім-шартта көрсетілген мерзімге.

Әскери қызметшілер саяси мақсаттарды көздемейтін қоғамдық бірлестіктерге мүше бола алады, және әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде болмағанда олардың қызметіне қатыса алады. Әскери қызметшілер мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға, сондай-ақ Конституцияға сәйкес референдумға қатысуға құқылы. Әскери қызметшілердің ереуілдерге қатысуына тыйым салынған.

Әскери қызметтен жалтарған жағдайда қолданыстағы заңнамада жаза көзделген.

Осылайша, қазіргі қолданыстағы ҚР Конституциясында тек міндеттердің жалпы тобы бекітілген: Конституцияны және заңдарды сақтау, салықтарды төлеу, табиғи байлықтарға, тарихи және мәдени мұраға ұқыппен қарау, Отанды қорғау. Міндеттер аясы сандық құрамы бойынша құқықтар тізбесінен аз. Бұлазаматтардың міндеттері салалық заңнамада толығымен реттелетіндігімен түсіндіріледі.

Дегенмен құқықтар мен бостандықтар туралы халықаралық пактіде біздің Конституцияда көрсетілмеген басқа міндетте де көрсетіледі. Бұл жалпыға бірдей қабылданған стандарттардан мәлім ауытқу болып есептеледі. Қазіргі жағдайда міндеттер тәртіпке салатын фактор ретінде құқықтарға қарағанда қажеттілігі кем емес. Академик С.Н. Сабикеновтың о том, что «адамның құқықтарымен қатар оның басқа адамдарға және табиғатқа қатысты міндеттері туралы да айтқан жөн. Бұладамзаттың амандығының басты факторларының бірі болып табылады. Міндеттер саны дәлелденген құдіретінің артуына қарай уақыт өткен сайын өсе түсетін болады. Адамзат біртіндеп адамдардың міндеттері, олардың жауапкершілігі туралы мәдениет элементтері болатын құқықтарға қарағанда көбірек айтатын болады» [7].

Конституцияда бекітілген құқықтар мен міндеттердің арасындағы күрт теңгерімсіздік әдеттегер біріншісі адамдардың бүкіл тіршілік салаларын қамтыса, екіншісінің негізінен қоғамдық тәртіпті қолдаумен ғана байланысты болуымен түсіндіріледі. Және бұл түбірінде дұрыс. Алайда іс жүзінде міндеттер оларға тиісті құқық қатынастарында, яғни іске асыру барысында барлық құқықтарды бере отырып, көзге көрінбей «ілесіп отыратынын» ескеру қажет. Әйтпесе құқықтар «бос сөзге» айналуы мүмкін. Міндеттердегі біздің — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету тәсілі. Осыдан адамның құқықтары олардың міндеттерімен ажарамас байланысты екендігі келіп шығады. Қазақстанның әр азаматы оларды орындауға міндетті, өйткені қоғам азаматтардың өз міндеттерін орындауына құрылған, онсыз қоғам басқарылмайтын конгломератқа айналғандай болады. Бұл, әлбетте, сол немесе басқа нормативтік актіде әрбір нақты құқықпен бірге «жұпта» міндеттің сөзсіз көрінуін білдірмейді, ол көбінесе жай ғана тұспалданады. Бірақ аса маңызды, әлеуметтік елеулі міндеттерді азаматтар жақсы білуі және қатаң сақтауы үшін оларды елдің негізгі заңында бекіткен пайдалы болар еді.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары тек жеке мүдделерін білдіру ғана емес. Адам құқықтары қажеттіліктерді, заңды мүдделерді қанағаттандыруға бағытталғанына қарамастан, дегенмен, олар маңызды қоғамдық функцияны атқарады. Осымен қатар адамның міндеттері де тек көпшілік мүдделерді білдіру ғана емес, олар жеке тұлғаның жеке мүдделерін қамтамасыз ету үшін де маңызды. Бұл жеке адам мен қоғамның мүдделері біріне бірі қайшы келмейтініне байланысты. Қазіргі жағдайда ұйымдастырушы негіздерді күшейту мақсатында

азаматтардың міндеттерін біздіңше, кеңейтіп, оларды адам мен азаматтың құқықтарымен және бостандықтарымен аса үйлесіммен ұштастыруға болар еді.

Негізгі құқықтарды іске асыру барысында түрлі субъектілердің: осы құқықтардың субъектілерінің, басқа адамдардың, тұтастай алғанда қоғамның мүдделері тоғысады. Осыған қарай негізгі құқықтардың шектерін, оларды іске асыру шарттарын және бір жағынан әлеуметтік ортаның қалыпты қызмет етуінің шынайы қажеттігі - ықтимал мүдделер қақтығысын, екінші жағынан жеке тұлғаның бостандығын шешу тәртібін белгілейді.

Конституциялық міндеттер жоғары заң күші секілді заңды қасиетпен сипатталады. А.Сманның конституциялық міндеттерді мынадай белгілерге бөлген пікірі орынды деп есептейміз [8]:

- 1) бұл құқықтық санат;
- 2) қоғамдағы жүріс-тұрыстың нормативті түрде белгіленген қағидалары болып табылады. Конституциялық болып тек мемлекеттің негізгі ретінде таныған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясының нақты баптарында бар міндеттер ғана танылады;
- 3) көпшілік сипат алады. Конституциялық міндеттерді орындау қажеттігі олардың кімге жүктелгенінің жеке пайдасымен емес, «баршаның және әркімнің» мүдделерімен байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясында жеке тұлғаға бірсырыпа міндеттерді бекіте отырып, мемлекет Қазақстан Республикасының аумағында тұратын барлық тұлғалардың мүддесіне қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық, мемлекеттік, экономикалық және басқа қавуіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігіне сүйенеді.
- 4) конституциялық міндеттер заңды міндеттердің алуан түрлілігі болып танылады;
- 5) қазақстандық заңнамада тәптіштеледі;
- 6) мемлекеттік-билік ұйғарымдары болып табылады;
- 7) олар мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген.
- 8) Өз тарапымыздан, конституциялық міндет белгілеріне «мақсат» деген санатты енгізуді ұсынамыз. Міндеттердің мақсаты лайықты өмір сүрі және даму, сондай-ақ жеке және қоғамдық мүдделерді іске асыру үшін әр жеке тұлғаға және тұтастай алғанда қоғамға қажетті маңызды әлеуметтік құндылықтарды қорғау, сақтау болып табылатынын атап көрсетіміз. Сонымен қатар конституциялық міндеттердің жалпыға бірдей сипат алатынын баса көрсетеміз, олар мәртебесіне қарамастан барлық тұлғаларға біркелкі дәрежеде тиесілі және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіліп, конституциялық міндеттер жоғары заң күшіне ие болады.

Сонымен бірге ҚР бүкіл аумағында мемлекеттің барша азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты тек конституциялық міндеттердің ғана қолданылатынын атап өтеміз. ҚР әр азаматы үшін міндеттер аясы біркелкі. Дәл конституциялық құқықтар мен міндеттер саласында азаматтардың құқықтық ережесі қағидаты түрінде тең құқықтылық көрнекі түрде байқалады. Негізгі, конституциялық міндеттердің тұрақты қолданылатын үздіксіз сипаты болады. Олар бірінші іске асырылумен түгесіліп қалмайды. Адам ҚР азаматы болып тұрғанда, ол өзінің міндеттерін іске асыра алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А. Сман Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы. Автореф. заң ғыл. канд. - Астана, 2008. - 30 б.
2. А.К. Котов Конституция: мемлекеттің адамға және азаматқа қатынасы // Заңгер. - 2005. - №4. 24-27 б.
3. Н.В. Витрук Социалистік қоғамдағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы теориясының негіздері - Мәскеу, 1979. - 229 б.
4. С.Н. Сабикенов Адам құқығының теорияларын зерттеуге қойылатын кейбір тұжырымдамалық тәсілдер туралы // ҚазМУ жаршысы. - 2003. - №1. 26-31 б.
5. С.Н. Братусь Заңдық жауапкершілік және заңдылық. - Мәскеу, 1976. - 357 б.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы. 2010 - 2020 жылдар кезеңіне арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы // «Параграф» анықтамалық құқықтық жүйесі. ҚР Қылмыстық кодексі; ҚР Азаматтық кодексі; «Жаппай саяси қуғын-сүргін

құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» ҚР Заңы, «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Заңы.

7. Б.А. Жетпісбаев Әкімшілік мәжбүрлеу. - Алматы, 2005 . - 345 б.

8. А. Сман Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы. Автореф. заң ғыл.канд. - Астана, 2008. – 32-36 б.

О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

Жадауова Ж.А.

Ст.преподаватель кафедры теории и истории государства и права, конституционного
права Евразийского Национального университета им.Л.Н.Гумилева

zhanara76@mail.ru

г.Нур-Султан.

Ключевые слова: государственная служба, государственное управление, государственные служащие, государственные услуги, цифровизация, пандемия.

Практически ни одна страна в мире не была готова к возникшей ситуации и правительства были вынуждены оперативно предпринимать меры по организации работы государственных органов в условиях карантина. Однако любой кризис необходимо рассматривать как возможность для развития. Появилось много новых инновационных практик в сфере государственного управления, которые могут стать частью «новой нормальности» после завершения пандемии [1].

По международной шкале «Глобального индекса безопасности здравоохранения» (Global Health Security Index), который измеряется по шкале от 0 до 100, ни одна страна из Центральной Азии не превысила и 50 баллов, то есть не преодолели и половины. Если говорить о глобальном масштабе, то 73% населения планеты не имели доступа к базовым необходимым ресурсам, для того чтобы преодолеть 14 дневную фазу болезни» [2].

Учитывая, что для Казахстана антикризисные действия в условиях пандемии стали первым опытом, в деятельности различных государственных органов имели место те или иные сбои. Особенно это наблюдается в медицинской сфере. Если брать во внимание другие сферы жизнедеятельности общества, рассматриваемая ситуация сильно задела экономику, приведя к сокращению среди субъектов индивидуального предпринимательства, занятых граждан и уровня доходов населения.

Важную роль сыграло введение чрезвычайного положения, что было беспрецедентной мерой в истории суверенного Казахстана. Казахстан мобилизовал собственные ресурсы и заинтересованные институты гражданского общества. Государство помогает населению, в частности, в виде минимальной финансовой помощи и содействия в получении отсрочек с выплатой кредитов. Также растет количество рабочих мест в рамках «Дорожной карты занятости». В том числе из-за отсутствия четкого плана действий в случаях эпидемии серьезные нарекания в обществе вызывает работа медицинских учреждений всех уровней, что привело к смене руководства Министерства здравоохранения. Следует также отметить недоработку полиции по устранению явных нарушений гражданами и коммерческими структурами различных ограничительных мер.

В целом, Казахстан так или иначе использовал все возможные меры по противодействию распространению COVID-19, что дает хороший задел для подготовки к возможному наступлению второй волны пандемии. Тем не менее, руководству страны необходимо обратить самое пристальное внимание на наиболее слабые звенья в системе государственного управления и принять необходимые меры для улучшения их работы» [3].

В настоящее время ведется масштабная цифровизация и комплексный пересмотр системы управления человеческими ресурсами на государственной службе с точки зрения